

**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МҚҚҚ бойынша
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 01.02.2023ж

Күн тәртібінде:

- 1.«Күншуақ» бөбекжай – бақшасының өзін – өзі бағалауды өткізу туралы**
- 2.Өзін – өзі бағалау жүргізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту**
- 3.Міндеттемелерді бөлу**

Балабақша менгерушісі Ж.А.Курманова педагогикалық кеңес отырысының ашық деп жарияладп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырылды. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылдың 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттары» ережелерімен және «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ – нің 2022 жылдың 15 қарашадағы №17-12-04-6/1794 шығыс хаты мен Мұғалжар аудандық білім бөлімінің № 2247 бұйрығымен таныстырылды.

Бағалау жүргізу кезінде, сондай – ақ мамандықтар (бағыттар) бөлінісінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылатын өлшемшарттарға тоқталды:

- 1.мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
- 2.білім беру үйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
3. білікті қызметкерлердің болуы;
- 4.қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5.білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6.тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық – техникалық база;
- 7.тәрбиеленушілердің білімін бағалау, білім деңгейінің диагностикасы;
- 8.ата –аналармен және педагогтермен өткізген сауалнама қорытындысы;
- 9.өзін – өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау;

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Г.С.Сарсенова сөз алды: мекеменің өзін –өзі бағалауын жүргізу комиссиясы құрамына, яғни алдыңғы қатарлы тәрбиеші Караваева Г.И., бастауыш кәсіподақ тәрайымы Сүлейменова З.Ж., медбике З.А.Сулеймановы ұсынды. Педагикалық кеңес отырысының катысушиларымен бірауыздан ұсыныс қабылданды.

Шешімі:

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасында өзін – өзі бағалауды өткізу комиссиясының төмендегі құрамы бекітілсін:

Комиссия тәрайымы – Ж.А.Курманова менгеруші;

Аттестаттау комиссиясы тәрайымының орынбасары – Ж.А.Жариеva әдіскер;
Комиссия мүшелері: Г.С.Сарсенова әдіскер;

Г.И.Карашаева тәрбиеші;
 Бастауыш кәсіподақ
 төрайымы: З.Ж.Сүлейменова тәрбиеші;
 З.А.Сулейманова медбике;
 Хатшы: Ш.Е.Егизбаева тәрбиеші;
 Орындау мерзімі: 2023 жылдың 01 – 28 ақпан аралығы.

Үшінші мәселе бойынша менгеруші Ж.А.Курманова жоғарыда аталған бағалау бойынша жауапкершілікті комиссия мүшелеріне бөлді.

№	Бағалау мазмұны	Бағалау әдістері	Жауаптылар	Бағалауды тындау орны
1	Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы	Құжаттаманы саралау	Менгеруші	Кезектен тыс педагогикалық кенес
2	Білім беру үйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары	Құжаттаманы саралау	Менгеруші, әдіскер	Кезектен тыс педагогикалық кенес
3	Білікті қызметкерлердің болуы	Мамандар деңгейін саралау	Комиссия мүшесі З.Ж.Сүлейменова	Кезектен тыс педагогикалық кенес
4	Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау	Құжаттаманы саралау	Комиссия мүшесі Г.И.Карашаева	Кезектен тыс педагогикалық кенес
5	Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Құжаттаманы саралау	Әдіскер	Кезектен тыс педагогикалық кенес
6	Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық – техникалық база	Құжаттаманы саралау	Комиссия мүшелері, медбике	Кезектен тыс педагогикалық кенес
7	Тәрбиеленушілердің білімін бағалау, білім деңгейінің диагностикасы	ҰІӘ бойынша саралау	Менгеруші, әдіскер	Кезектен тыс педагогикалық кенес
8	Ата –аналармен және педагогтермен өткізген сауалнама қорытындысы	Ата – аналар мен педагогтерге сауалнама жүргізу	Әдіскер, психолог	Кезектен тыс педагогикалық кенес
9	Өзін – өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау	Анықтама толтыру	Комиссия мүшелері	Кезектен тыс педагогикалық кенес

Шешім:

1. Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай – бақшасының өзін – өзі бағалауын жүргіздін.
2. Өзін – өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында қарастырылсын, білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.
3. Бөбекжай – бақшасы менгерушісі өзін – өзі бағалау қорытындысының нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында есеп берсін.

Мерзімі: 24.02.2023ж

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы
МКҚК менгерушісі. Ж.А.Курманова

Хатшы:

Ш.Е.Егизбаева



**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК бойынша
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 24.02.2023ж

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 5

Күн тәртібінде:

1.Өзін – өзі бағалау қорытындысы

Бөбекжай – бақшасының жалпы сипаттамасы бойынша менгеруші Ж.А.Курманова тыңдалды. Мекеменің жүргізіліп отырған жұмыстары бойынша құжаттарының заңнамаға сәйкестігі, бөбекжай – бақшасының даму бағдарламасы, мақсаты, оку – тәрбиелеу жоспарлары мен материалдық жағдайы, ұйымдастырылған іс – әрекеттер кестесі, оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнына қойылатын талаптар, балаларды тіркеу кітапшасының жүргізілуі, тәрбиеленушілер контингенті, жылдық жоспар бойынша жасалған анықтамалармен таныстыруды.

Шешім: Мектепке дейінгі ұйымды басқару құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамаларына толық сәйкес келеді.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасында жүргізілген өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша жауапты қызметкерлерді тындауды ұсынды.

2022-2023 оку жылына арналған жылдық міндеттеріне:

1.«Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық тілдік дамуын ойындар арқылы қалыптастыру»

2.«МДҰ-ның тәрбиелеу- білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» тақырыптары балабақша қажеттілігіне байланысты алынды.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс- әрекеттерден тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастыруды.

Вариативтік компонент жобалау технологиясын енгізу арқылы жүзеге асырылуда:

Ортаңғы топтарында: «Болашақ қаласы», «Маленькие волшебники», «Күм терапиясы» баланың танымдық тақырыптарында,

Ересек топтарында : «Құстар әлемі», «Асығың алшысынан түссін», «Хочу все знать», «Шахмат әлемі» тақырыптарында,

Мектепалды даярлық топтарында: «Кітап білім бұлағы», «Бізді қоршаған әлем» тақырыптарында алынды.

Ерекше балаларға кешенді психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында психолог бөлмесі жабдықталған. Барлық топтар танымдық

оыйншықтар, қаралайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қымылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталғанын айтты.

Шешім:

Оку жылышынан міндеттерін орындау жолында жұмыстар жүйелі ұйымдастырылу да.

Білікті қызметкерлердің болуы бойынша З.Ж.Сүлейменова тындалды: бағаланған екі оку жылы және ағымдағы оку жылы бойынша штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымының педагогтермен қамтамасыз етілгеніне, педагогтердің аттестациядан өту, біліктілік арттыру курстарынан өтуі, еңбек өтілі мен білікті мамандармен қамтылғанына тоқталды. Бебекжай – бақшасында 14 топ бойынша МЖМБС және үлгілік оку бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтер. Сондықтан бебекжай – бақшасы «тәрбиеші» біліктілігі сәйкес мамандармен 100% толық қамтылғандығын атап етті.

Шешім:

- 1.Бебекжай – бақшасының штаттық кестесіне сәйкес педагог мамандармен толық қамтылған.
- 2.Тәрбиеші мамандардың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» біліктілігі бар.

Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау бойынша Г.И.Караашаева тындалды: Тәрбиеленушілердің оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарына, педагогикалық кеңестің, оку әдістемелік кеңестің, педагогикалық сағаттың жұмыс жоспарлары мен мәжілістерінің хаттамалары, басқа да құрылымдық жоспарлаушы құжаттамалардың жүргізілуіне, педагог мамандардың семинар, конференцияға қатысуы, марарапттары мен іс – тәжірибе таратуы және шығарылған әдістемелік көмекші құралдарына, тәрбиеленушілердің жетістіктеріне, материалдық – техникалық базасына жасаған анықтамасымен таныстырыды. Заттық дамытуши орталардың бағдарламаны менгертуге сәйкестігіне және ағымдағы оку жылышының жарты жылдығы бойынша тәрбиеленушілер күндізгі немесе сырттай байқаулар мен шығармашылық, көркемдік конкурстардың женімпаздары, жүлдегерлері екендігін айттып өтті.

Шешім:

Қолжетімді білім алу үшін жағдай жасалған.

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз өту бойынша Г.С.Сарсенова тындалды: МДТО үлгілік оку бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қоргауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңестіктік дамытуши орта құру бобекжай – бақшасында әр баланың жеке тұлға болып дамуына жағдай жасалынған. Қөрме, сайыстар (балалардың ата – аналармен

біріккен суреттерінің және қолеңбектерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар мен ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық – кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы қауіпсіз, қолжетімді орналасқан, әртүрлі, мазмұнды, өзгермелі талаптар сақталған.

Шешім:

Баланың өмірін қорғауды және деңсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістіктік дамытушы орта құрылған.

Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық – техникалық база бойынша Г.И.Караева мен З.А.Сулейманова тыңдалды: Бебекжай – бақшасының материалдық базасы жыл сайын толықтырылып, оқу – тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, проектор және экран, музика орталығы, үнтаспамен барлық топтар жабдықталғаны, 3 компьютер, 2 принтер + сканер + ксерокөшірме аппараты, мұздатқыш, тоңазытқыш, т.б. жиһаздардың тізбесімен таныстырыды. Топтар стол, отырғыш, керуеттермен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштарымен жабдықталған.

Шешім:

Бебекжай – бақшасының материалдық – техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп есепке алынсын.

Балабақша менгерушісі Ж.А.Курманова тыңдалды: Білім беру дағдыларын игеру бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы барлық оқу жылдарында жүргізілген. (бастапқы – қыркүйек, аралық – қантар, қорытынды – мамыр айларында).

Мониторинг мақсаты – баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс – шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру. Баланың Бағдарлама мазмұнынменгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер «Бақылау парагында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылған. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс – шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс – шараларын толтырған. Мониторинг баланың біліктегі мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көніл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылған.

Шешім:

Барлық бағаланатын оқу жылдары бойынша тәрбиленушілер «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» менгерген.

22 ақпан 2023 жылы «Күншугақ» бебекжай-бақшасы» МҚҚҚ-ның педагогтері арасында телеграм желісі арқылы сауалнама жүргізілді.

Балабақша бойынша тізімдегі педагогтер саны – 36

Сауалнамаға қатысқан педагогтер саны – 35

Қатыспағаны – 1 (менгеруші)

Сауалнамаға берілген жауаптары бойынша «келісемін» - 89%, «келіспеймін» - 11% - ды құрады. Балабақша ұжымының іскерлік қарым – қатынасы мен қызметі қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.

Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнаманың мақсаты: балабақша деңгейін анықтау.

23 ақпан 2023 жылы «Күншуак» бөбекжай-бақшасы» МҚҚҚ-ның мектепалды даярлық тобының балаларының ата-аналар арасында телеграм желісі арқылы сауалнама жүргізілді.

Балабақша бойынша тізімдегі балалар саны-41 бала.

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны – 40 ата-ана.

Балабақшаның жұмысының жоғары деңгейлі көрсеткіші – 93%

Шешім:

Балабақша ұжымының іскерлік қарым – қатынасы мен қызметі қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.

Тәрбиеленушілер және олардың ата – аналары мен педагогтер арасындағы қарым – қатынас деңгейі жақсы қалыптасқан. Ата – аналарды балабақша жұмысы қанағаттандырады.

Жалпы талдай келе, Г.С.Сарсенова сөз алды: жоғарыда қабылданған шешімдерді қолдай келе, тәмендегідей ұсыныстар енгізді:

1. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелі насиҳаттау жұмысын жалғастыру.

2. Ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану.

Сөз кезегін менгеруші Ж.А.Курманова алып, қорытынды бағалау өлшемшарттарын дауысқа салуды ұсынды. Барлық кеңеске қатысуышылар бірауыздан тәмендегі бағаны қабылдады:

№	МЖМБС жалпы талаптары мен бағалау өлшемшарттарының атауы	Баға
1	Оқыту иәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына койылатын талаптар:	
1.1	МЖМБС және Үлгілік оку бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиесілдердің болуы	Жақсы
1.2	Үлгілік оку бағдарламасына сәйкес баланың омірін коргауды және деңсаулығын пыгайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістіктік дамытушы орта құру.	Орташа
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу иәтижелері Тәрбиеленушілер қашықтықтан пемессе күндізгі конкурстар	Жақсы

	женімпаздары, жулдегерлері	
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға катысу нәтижелері Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі конкурстар женімпаздары, жулдегерлері	Жақсы
2	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: МЖМБС – да және Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызыметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	Жақсы
	Корытынды баға:	Жақсы – 80% Орташа – 20%

Шешім:

- Ақтөбе облысы білім басқармасы «Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МҚҚҚ мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай.
- «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МҚҚҚ – ның өзін – өзі бағалау нәтижелері бойынша құжаттары Қазақстан Республикасы Оқу – агарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолдансын.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы
МҚҚҚ менгерушісі:

Ж.А.Курманова

Хатшы:

Ш.Е.Егизбаева

